



БҮЙРЫК

№ 18 Ақтөң

ПРИКАЗ

№ 253

терроризм

Теміртау қаласының  
білім беру ұйымдарының  
білім алушыларын ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 199 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамактандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне койылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына, «Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» «Қарағанды облысы білім баскармасы» ММ 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Теміртау қаласының білім ұйымдарына:

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап, жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамактанатын 1-4 сыныптың білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардагы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шенберінде тамактанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.